

ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ДЕПОЗИТТЕРГЕ  
КЕПІЛДІК БЕРУ  
Қ О Р Ы



KAZAKHSTAN  
D E P O S I T  
I N S U R A N C E  
F U N D



**СІЗ САЛАСЫЗ  
БАНК КӨБЕЙТЕДІ  
БІЗ КЕПІЛДІК БЕРЕМІЗ**

**ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2008**





# Пайдаланылатын қысқартулар

**ҚДКБҚ, Қор**

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

**ДКБЖ, Жүйе**

Депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесі

**Қаржыны қадағалау  
агенттігі**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі

**ҚРҰБ, Ұлттық Банк**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**IADI**

Халықаралық депозиттерді сақтандыру жүйесінің қауымдастығы



# Мазмұны

	<b>беті</b>
ҚОР ТӨРАЙЫМЫНЫҢ ҮНДЕУІ .....	<b>4</b>
2008 ЖЫЛҒЫ ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ .....	<b>5</b>
ҚОР ТУРАЛЫ .....	<b>6</b>
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ .....	<b>7</b>
ТӨУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ .....	<b>9</b>
ҚОРДЫҢ 2006-2008 ЖЫЛДАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ .....	<b>10</b>
ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРІНДЕГІ ДЕПОЗИТТЕРІ .....	<b>13</b>
ДЕПОЗИТТЕРГЕ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР .....	<b>15</b>
ӨТЕУ РЕЗЕРВІ .....	<b>16</b>
«БАТА» САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІ .....	<b>17</b>
КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ .....	<b>18</b>
ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ .....	<b>19</b>
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ .....	<b>20</b>
2009-2011 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ОРТА МЕРЗІМДІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ .....	<b>21</b>
АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӨНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУ .....	<b>24</b>

# Қор Төрайымының үндеуі



## Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Мен «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның 2008 жылғы қызметі жайлы есепті Сіздердің назарларыңызға ұсынып отырғаныма қуаныштымын.

Жаһандық қаржы дағдарысы және экономиканы тұрақтандыру мен халықтың неғұрлым әлсіз топтарын қорғау жөнінде мемлекеттік шаралардың қабылдануы көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда да өткен жылдың басым бағыттары болды. Экономикалық дағдарыстар кезеңдерінде депозиттерге кепілдік беру жүйесінің рөлі едәуір өсе түсетінін халықаралық тәжірибе талай рет дәлелдеген болатын.

Банк таратылған жағдайда салымшылардың мүддесін қорғау жөніндегі өзінің негізгі міндетін орындай отырып, депозиттерге кепілдік беру жүйесі салымшылардың сеніміне ие болуда және банк жүйесі үшін жұмыстың неғұрлым тұрақты жағдайын жасауда. Қаржылық тұрақсыздық кезеңінде халықтың отандық банк жүйесіне деген сенімін арттыру үшін бірқатар шаралар қабылданды. Олардың негізгілері банк таратылған жағдайда салымшыға төленетін өтем сомасын 700 мың теңгеден 5 млн. теңгеге дейін көтеру, сондай-ақ ҚДКБҚ жарғылық капиталын 100 млрд. теңгеге дейін ұлғайту ісін атауға болады.

2008 жылы банкті мәжбүрлеп таратудың бір де бір оқиғасы орын алған жоқ, бұл ҚДКБҚ қаржылық позициясын күшейтуге жәрдемдесті және 1,6 млрд. теңгеден астам мөлшерде таза пайда алуға мүмкіндік берді, бұл сома өтем резервін көбейтуге жұмсалды. Оның үстіне ҚДКБҚ өзінің институционалдық дамуын күш-жігерді тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу, операциялық қызмет деңгейін арттыру, салымшыларды қорғау нысандары мен әдістерін жетілдіру жолымен нығайтуға жұмылдыра алды.

Өткен жылы депозиттерге кепілдік беру жүйесі үш жаңа қатысушымен толықты, ал екінші деңгейдегі банктерге салынған жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы сомасы жыл ішінде 3,6%-ға өсті.

Қор осынау күрделі кезеңде халықтың өздерінің құқықтарынан хабардар болу деңгейінің өсе түсуін аса қажетсініп отырғанын түсінеді. Осыған орай Қор «Шұғыл байланыс» форматын өзгертіп, енді оны тұрақты негізде өткізуде.

Әлемдік стандарттарға сәйкес келуге ұмтыла отырып, Халықаралық Депозиттерді Сақтандыру Жүйесі Қауымдастығы (IADI) ауқымында Қор шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты жалғастырып, депозиттерге кепілдік берудің отандық жүйесіне әлемдік тәжірибенің таңдаулы жетістіктерін енгізуде. 2009 жылы IADI-дің Азиялық аймақтық комитетінің 7-жылдық жиналысын және Халықаралық конференция өткізу құқығына ие болған Қор банк банкрот болған кезде депозиттерді сақтандыруға жауапкершілік мәселелеріне арналған зерттеу жұмысына кірісті.

Келесі жыл ҚДКБҚ үшін мерейтойлық жыл болмақ, ал біз 10 жылдағы қызметтің нәтижесі Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесінің одан әрі дамуының сенімді іргетасы боларына сенеміз.

Бақыт Мәженова



# 2008 жылғы оқиғалар күнтізбесі

Қаңтар	<p>«МЕТРОКОМБАНК» АҚ-ның Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесіне кіруі</p> <p>Қордың қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарының мөлшерлемелерін 25%-ға төмендетуі</p>
Наурыз	<p>Қор Төрайымының IADI-дің Азиялық аймақтық комитетінің жыл сайын өткізілетін 6- жиналысына қатысуы, Бали (Индонезия)</p>
Сәуір	<p>Болгарияның депозиттерге кепілдік беру қорының Бас директоры Биссер Маноловтың сапары</p> <p>Ресейдің Салымдарды сақтандыру агенттігі өкілдерінің сапары</p>
Тамыз	<p>Қордың жарғылық капиталының 30 миллиард теңгеге дейін көбеюі</p> <p>«Астана-Финанс» Банк» АҚ-ның Қазақстанның депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесіне кіруі</p> <p>Қорда ішкі бақылау жүйесін енгізу, Тәуекелді басқару ережелерін және бизнес-процестердің тізбесін бекіту; қордың тәуекел деңгейін және ішкі бақылау жүйесін бағалау</p>
Қыркүйек	<p>Қор «Шұғыл байланысты» тұрақты түрде іске қосты</p> <p>Қордың Төрайымының Грекияның Депозиттерге кепілдік беру қорына сапары</p>
Қазан	<p>Жеке тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі депозиттері бойынша кепілдік берілген өтем сомасын 700 мың теңгеден 5 млн. теңгеге дейін көбейту</p> <p>Қор өкілдерінің IADI-дің жыл сайын өткізілетін 7- жиналысына және IADI-дің Атқару Комитетінің мәжілісіне (Арлингтон, АҚШ) қатысуы</p>
Желтоқсан	<p>ҚДКБҚ жарғылық капиталының 100 миллиард теңгеге дейін көбеюі</p> <p>«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-ның Қазақстанның депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесіне кіруі</p>



# Қор туралы

**«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ы 1999 жылғы 15 қарашада құрылған.**

## **Қордың дүниетанымдық тұжырымдамасы:**

- депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелерін құрудың халықаралық принциптеріне сәйкес келу;
- өз миссиясын таңдаулы әлемдік тәжірибенің жетістіктерін пайдалана отырып атқару.

**Қордың миссиясы** - банк депозиттеріне кепілдік беру жолымен салымшылардың мүддесін қорғау және қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда олардың шығынын өтеу.

## **Қордың стратегиялық мақсаттары:**

- Дамыған бизнес-процестерге сүйеніп, міндеттерді орындау даярлығы;
- Депозиттерге кепілдік беру жөнінде жұртшылықты хабардар ету;
- Серіктестік қарым-қатынасты нығайту.

## **Қордың негізгі міндеттері:**

- қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу, кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резерв қалыптастыру;
- қатысушы банктің жұмысы тоқтатылған кезеңде және қатысушы банкті барлық банктік операцияларды жүргізуге берілетін лицензиялардан айырған кезде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына кіру;
- мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің тарату комиссиясының және кредиторлар комитетінің құрамына тарату комиссиясы Қор төлеген (төлейтін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша оның алдындағы берешегін өтегенге дейін қатысу және т.б.

Қор өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне салынған депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарын, сондай-ақ Қордың Жарғысын басшылыққа алып отырады.

2008 жылдың қазан айында Қазақстан «Қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Бұл заңға сәйкес **қатысушы банк 2012 жылдың 1 қаңтарына дейін мәжбүрлеп таратылған жағдайда Қордың кепілдік берілген өтемінің ең көп мөлшері бес миллион теңге болады.**

# Корпоративтік басқару



Қордың бірден бір акционері және басқарудың жоғарғы органы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады.

## Григорий Марченко

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің Төрағасы

Қордың **Директорлар кеңесі** Төрағадан және бес мүшеден, оның ішінде екі тәуелсіз директордан және Қордың Төрайымынан құралады, ал Қордың қызметіне жалпы басшылықты оның Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

## ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



### Медет Сартбаев

Қордың Директорлар  
Кеңесінің Төрағасы  
ҚРҰБ Төрағасының орынбасары



### Руслан Дәленов

Қазақстан Республикасы қаржы  
вице-министрі



### Мұрат Байсынов

Қаржыны қадағалау агенттігі  
Төрайымының орынбасары



### Асқар Өртембаев

Тәуелсіз директор  
Қазақстан қаржыгерлері  
қауымдастығы



### Жанат Құрманов

Тәуелсіз директор



### Бақыт Мәженова

Қордың Төрайымы





2008 жылы Қордың жұмыс істеу ұстанымдарын белгілейтін және Акционердің, Қордың директорлар кеңесі мен атқарушы органының өзара іс-қимылын реттеп отыратын Корпоративтік басқару кодексі әзірленіп, қабылданды.

Сондай-ақ Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушылардың қарым-қатынасына байланысты қабылдайтын шешімдердің үйлесімділігін арттыру, сондай-ақ банктердің көпшілігінің ұсыныстарын ескеріп отыру үшін Қордың Консультативтік кеңесінің өкілеттіктері кеңейтілді.

**Қордың Консультативтік кеңесі** қатысушы банктердің өкілдерінен жасақталады. Қордың Консультативтік кеңесін Төрайым бекітеді және ол жыл сайын қайта сайланып отыруға тиіс. Консультативтік кеңестің төрағасын оның мүшелерінің ішінен Консультативтік кеңес сайлайды.

Консультативтік кеңес Қорға ұсыныстар жасап, нұсқаулар беріп отырады, консультациялар өткізеді, депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру мәселелері бойынша құжаттар әзірлеуге жәрдемдеседі, сондай-ақ Депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесіне қосылу шартына және қатысушы банктердің Қордың міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналар төлеуі мәселелері бойынша нормативтік актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде шешімдер қабылдайды.

## БАНК МҮШЕЛЕРІНІҢ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСІНІҢ ТІЗІМІ

- «АЛЪЯНС БАНК» АҚ
- «АТФ БАНК» АҚ
- «БТА БАНК» АҚ
- «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ
- «ЕНШІЛЕС БАНК «ТАИБ ҚАЗАҚ БАНКІ» АҚ
- «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ
- «КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ
- «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
- «НҰРБАНК» АҚ
- «ЦЕСНА БАНК» АҚ
- «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» (дауыс беру құқығы жоқ бақылаушы)
- ҚАЗАҚСТАН ҚАРЖЫГЕРЛЕРІ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ (дауыс беру құқығы жоқ бақылаушы)

## ҚОРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



# Тәуекелдерді басқару жүйесі

Қорды неғұрлым тиімді басқару үшін ішкі бақылау жүйесі енгізілген. Қордың қызметіне тән тәуекел деңгейін бағалау есепті жылдың шілде айында Акционер бекіткен «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ында Тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру ережесі негізінде жүзеге асырылады.

Тәуекелдердің негізгі аймақтарын анықтау үшін және оны басқару үшін Қор бизнес-процестер тізімін әзірледі. Ол стратегиялық, қосымша және

басқа бөліктерге бөлінді. Бұл тізім Қорға жүктелетін мақсаттар, міндеттер мен қызметтер өзгерген кезде қайта қаралады.

Стратегиялық, қаржы және операциялық тәуекелдердің деңгейін бағалаудың дұрыс болуы үшін аудиторлық компанияның тәуелсіз бағалауы жүргізілді. Ұқтималдықтың белгіленген деңгейіне және байқалған тәуекелдің келтірген зиянының мөлшеріне байланысты оны азайту жөнінде шаралар таңдап алынады.

Бизнес-процестің түрі	Бизнес-процестің атауы
Стратегиялық процестер (Қор қызметінің іске асырылатын негізгі міндеттері)	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қосылу шартының талаптарын белгілеу</li><li>• Мәжбүрлеп таратылған банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтем төлеу</li><li>• Қатысушы банктердің тізбесін жасау</li><li>• Меншікті активтерді инвестициялау</li><li>• Кепілдік берілген өтемді төлеу үшін арнайы резерв қалыптастыру</li><li>• Қатысушы банктің жұмысын тоқтатқан кезде және/немесе қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге берілетін лицензиядан айырған кезде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына кіру</li><li>• Мәжбүрлеп таратылған қатысушы банкті тарату комиссиясының құрамына кіру</li><li>• Мәжбүрлеп таратылған қатысушы банктің кредиторлар комитетінің құрамына кіру</li></ul>
Қосымша процестер (қолдайтын стратегиялық процестер)	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қордың қызметін құқықтық қамтамасыз ету</li><li>• Қордың қызметін ақпараттық қамтамасыз ету</li><li>• Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және жүргізу</li><li>• Тәуекелдерді басқару</li><li>• Қатысушы банктің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу</li><li>• Тауарларды, жұмысты, қызметті мемлекеттік сатып алу</li><li>• Ұлттық банкпен, Қаржы бақылау агенттігімен, қатысушы банктермен өзара іс-қимыл жасау</li><li>• Методологиялық жұмыс</li></ul>
Басқа процестер	<ul style="list-style-type: none"><li>• Халықаралық ынтымақтастық</li><li>• Депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы</li></ul>



# Қордың 2006-2008 жылдардағы негізгі жетістіктері

- «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне салынған депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды
- Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу
- Мәжбүрлеп таратылған банктің тарату комиссиясының құрамына міндетті түрде қатысу түрінде Қордың өкілеттіктерін кеңейту
- Қатысушы банктің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерінің жүйесі енгізілді
- IADI қазынашылығы қызметіндегі жұмысты атқару
- Тағы басқалар

## Қордың 2006-2008 жылдардағы стратегиялық міндеттерінің орындалу деңгейін бағалау кестесі

Пайдаланылатын белгілер:

- |                       |  |                           |
|-----------------------|--|---------------------------|
| <b>А</b> Аяқталғаны   | <b>Е</b> Енгізілген және одан әрі дамытуды қажет етеді | <b>Ж</b> Жақсысы          |
| <b>Д</b> Даму процесі | <b>ДҚ</b> Дамытуды қажет етеді                         | <b>Қ</b> Қанағаттанарлығы |

Қор жұмысының объектілері	Қордың бастамалары	Атқару деңгейлері
I Тіімді корпоративтік басқару	1. <b>Заңнамалық ортаға сәйкестік мониторингі</b>	
	а Қордың жарғысына өзгерістер енгізу	Е
	ә Қордың Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорларды енгізу	А
	б Корпоративтік басқару кодексін қабылдау	А
	в Қордың ішкі істерін аудит жолымен ішкі бақылау жүйесін енгізу	Е
	г Қордың акционері мен Директорлар кеңесінің өкілеттіктерін бөлу	ДҚ
	2. <b>Корпоративтік басқаруды ойдағыдай жүргізу үшін жағдай жасау</b>	
	а «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру ережесін қабылдау	А
	ә Консультациялық кеңестің өкілеттіктерін кеңейту	А
	б Ішкі ережелер мен іс-әрекеттерді әзірлеу	Е
в Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерінде ішкі бақылаудың нәтижелерін көрсету	ДҚ	
II Тіімді әріптестік	1. <b>Қор қарым-қатынас жасайтын мекемелер:</b>	
	а ҚҚА (АФН)	Қ
	ә ҚР Ұлттық Банкі	Қ
	б ҚҚҚ(АФК)	Қ
	в ДКБЖ-ге қатысушы банктер	Ж
	г Депозиттерге кепілдік беретін шетелдік ұйымдар	Ж
	ғ Халықаралық институттар мен шетелдік ұйымдар	ДҚ
	д Қызмет беретіндер	Қ

Қор жұмысының объектілері		Қордың бастамалары	Атқару деңгейлері
II	Тиімді әріптестік	2. <b>Негізгі әріптестермен ақпараттық қарым-қатынасты дамыту</b>	Е
		а Әріптестермен нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу	Қ
		3. <b>Халықаралық танылу</b>	Д
		а 7-жылдық Азия аймақтық IADI комитетінің және Халықаралық конференциясының жиналысын өткізу ә Қордың іс-әрекеттерінің Депозиттерді Кепілдендіру Жүйесінің тиімді қызметінің негізгі принциптеріне сәйкестігін талдау және дамыту	ДҚ
III	Қордың активтерін ұтымды пайдалану	1. <b>Бюджеттің атқарылуын бақылау</b>	Е
		2. <b>Қордың инвестициялық комитетін құру</b>	А
		3. <b>Қордың инвестициялық саясаты мен инвестициялық стратегиясын жасау</b>	Е
IV	Қордың операциялық қызметі	1. <b>Қордың ішкі бақылау жүйесінің белгіленген талаптарға сай болуы</b>	Д
		2. <b>Қордың стратегиялық бизнес-процестері:</b>	
		а Қосылу шартының талаптарын белгілеу	Е
		ә Мәжбүрлеп таратылған банктің салымшыларына кепілдік берілген өтем төлеу механизмін дамыту:	Е
		- қатысушы банк салымшыларының автоматтандырылған есебін алу талаптарын белгілеу және салымшылар бойынша деректер базасын жасау арқылы	Е
		- қатысушы банктердің салымшылар бойынша деректерін стандартты нысанда беру мүмкіндігі арқылы	Е
		- қатысушы банктер салымшыларының автоматтандырылған есебі бойынша деректерін тексеріп отыру арқылы	ДҚ
		б ДКБЖ-ге қатысушы банктер тізімін жүргізу	А
		в Қордың инвестициялық қоржынын тиімді басқару арқылы	Е
		г Кепілдік берілген өтем төлеу үшін арнайы резерв жасау жолдарын әзірлеу, оның ішінде:	
		- Арнайы резерв тапшылығын жою жөнінде баламалы әдістерді зерделеу	Д
		- Ең аз шығын принципіне негізделген проблемалы банктерді қайта құрылымдаудың тиімді әдістері ретінде OBA, Bridge bank, P&A институттарын енгізу жөнінде реттеуші органдар үшін ұсыныстар әзірлеу	Д
		ғ Қордың арнайы резервін қалпына келтіру жөніндегі қызметін іске асыру:	
		- Қатысушы банктің жұмысын тоқтатқан кезде және/немесе қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге берілетін лицензиядан айырған кезде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына кіру	Е
		- Мәжбүрлеп таратылған қатысушы банкті тарату комиссиясының құрамына кіру	Е
		- Мәжбүрлеп таратылған қатысушы банк кредиторлар комитетінің құрамына кіру	Е
д Қор қызметінің ішкі істерін құқықтық қамтамасыз ету, оның ішінде:			
- Тауарларды, жұмысты, қызметті мемлекеттік сатып алу	Е		




Қор жұмысының объектілері		Қордың бастамалары		Атқару деңгейлері
IV	Қордың операциялық қызметі	-	Қордың шарттары мен операциялық қызметін құқықтық сараптау	E
		-	Материалдар жинау, оларды талдау, нормативтік құқықтық актілердің және әдістемелік құжаттардың жобаларын әзірлеу	E
		е	Қордың методологиялық жұмысы, Қордың ішкі құжаттарын дайындау	A
		ё	Қордың қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді дамыту	E
		ж	Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және жүргізу	
		-	Қаржылық есеп нысандарын автоматтандыру	E
		-	Қаржылық есептің Ұлттық стандарттарына көшу	A
		з	Қор тәуекелдерінің негізгі аймақтарын анықтау және тәуекелдерді басқару	E
		и	ДКБЖ-ге қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін дамыту	
		-	«БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесін құру	A
		-	«БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесін тексеріп көру	A
		-	«БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесін енгізу және одан әрі дамыту	E
		-	«БАТА» ақпараттық жүйесінің бағдарламалық өнімін жасау және енгізу	A
		-	«БАТА» ақпараттық жүйесін дамыту	ДҚ
		й	Депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы арқылы:	
		-	«Шұғыл байланыс» акциясын тұрақты негізде жүргізіп отыру	E
		-	БАҚ-та мақалалар мен ақпараттық модулдер жариялау, халықты Телеарна және Радио арқылы хабардар ету	E
-	Қордың Web-site-ында ақпараттың болуы және оны жаңалап отыру	E		
V	Адам ресурстарын басқару	1.	Қор қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту	
		а	IADI ұйымдастыратын семинарлар мен конференцияларға қатысу	E
		ә	Қордың қызметкерлері үшін семинарлар ұйымдастыру	E
		б	Реттеуші органдар ұйымдастыратын семинарларға қатысу	ДҚ
		2.	Қор қызметкерлерін көтермелеу және еңбегін бағалау жүйесін дамыту	A

# Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттері

Есепті жылы халықтың екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттерінің көлемі 52,1 млрд. теңгеге немесе 3,6%-ға өсті, ал 2004 – 2008 жылдары - 448,0 млрд. теңгеден 1 500,0 млрд. теңгеге дейін, яғни 3 еседен астам өсті.


Екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері // млрд. теңге



\*Дереккөз: ҚР ҰБ сайтының деректері [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

Депозиттік база өсімінің азаюы жалпы алғанда әлемдік дағдарыстың Қазақстанның қаржы нарығының жай-күйіне тигізіп отырған әсерінен, Қазақстан банктерінің көпшілігінің қаржы жағдайының нашарлауынан, осының салдарынан халықтың салымдарын банк жүйесінен алуынан туындап отыр.

2008 жылғы екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері // млрд. теңге



\*Дереккөз: ҚР ҰБ сайтының деректері [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)



2008 жылдың соңғы тоқсанында Қазақстанның депозит нарығында жеке тұлғалардың шетелдік валютамен салған депозиттерінің үлесі (16%-ға) өсті. Есепті кезеңде теңгемен салған депозиттердің үлесі тек 58,1% болды, ал 2008 жылдың алғашқы үш тоқсанында теңге

салымының көлемі 65%-ға дейін жеткен еді.

Жеке тұлғалар депозиттеріне келетін болсақ, негізгі үлес мерзімдік және шартты салымдарға тиеді, ол - 2008 жылдың аяғындағы депозиттердің жалпы сомасының 86,8 пайызы болып отыр.

### Жеке тұлғалар депозиттерінің 2008 жылғы құрылымы // млрд. теңге

	I тоқсан 2008	II тоқсан 2008	III тоқсан 2008	IV тоқсан 2008
<b>Жеке тұлғалардың депозиттері, оның ішінде:</b>	<b>1 499,9</b>	<b>1 476,7</b>	<b>1 546,2</b>	<b>1 500,0</b>
Мерзімдік және шартты салымдар	1 319,3	1 282,7	1 352,4	1 301,3
Ағымдағы және карт – шоттары	155,0	170,7	171,5	177,3
Талап ету салымдары	25,5	23,2	22,2	21,4

2008 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша барлық мерзімдік және шартты салымдардың 90%-ы дерлік 1 млн. теңгеден аз мөлшердегі депозиттер болып отыр. Бұл депозиттердің жиынтық сомасы 248,2 млрд. теңгеге тең немесе мерзімдік және шартты салымдардың жалпы сомасының 19,1% пайызы.

Кепілдік берілген өтем мөлшерін 700 мыңнан 5 мил-

лион теңгеге дейін өсіру нәтижесінде төртінші тоқсанда мөлшері 3 миллион теңгеден 5 млн. теңгеге дейін жететін мерзімдік және шартты салымдардың көлемі өсті. Мұның алдындағы тоқсанмен салыстырғанда теңгемен салынған депозиттердің бұл түрі 35,2%-ға, ал шетел валютасымен - 46,9%-ға өсті.

### Үш аса ірі банктің жиынтық банк секторындағы үлесі\*

	1.01.2008	1.01.2009
<b>Активтер</b>	<b>59,3 %</b>	<b>57,8 %</b>
<b>Міндеттемелер</b>	<b>59,6 %</b>	<b>58,3 %</b>
<b>Меншікті капитал</b>	<b>57,0 %</b>	<b>54,0 %</b>
<b>Несие қоржыны</b>	<b>61,4 %</b>	<b>61,8 %</b>
<b>Клиенттердің салымы, оның ішінде:</b>	<b>64,6 %</b>	<b>56,6 %</b>
- заңды тұлғалар	65,0 %	56,0 %
- жеке тұлғалар	63,1 %	58,0 %

\*Дереккөз: Банк секторының 2009 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы жай-күйі, www.afn.kz

Бөлшек депозит нарығында есепті жылы сәл қысқару байқалады. Мәселен, егер 2007 жылдың аяғында депозит нарығының 63,1%-ы үш ірі банкке тиесілі бол-

са, 2008 жылдың аяғында орта және ұсақ банктердің үлесінің бірдей өсуі нәтижесінде бұл үлес 58%-ға дейін азайды.

# Депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесіне қатысатын банктер

2008 жылы депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесіне жаңа қатысушы банктер мүше болды: «МЕТРОКОМБАНК» АҚ, «АСТАНА-ФИНАНС» БАНК» АҚ, «ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ.

2008 жылдың аяғында қатысушылар саны 36 банк болды (екінші деңгейдегі 37 банктен<sup>1</sup>)

Сондай-ақ акционерлердің ауысуынан не ребрендинг өткізу нәтижесінде бірқатар банктердің атаулары өзгерді.

## 2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің ТІЗІМІ

1. «АЛЪЯНС БАНК» АҚ
2. «АТФБАНК» АҚ
3. «АСТАНА-ФИНАНС» БАНКІ» АҚ
4. «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ
5. «БТА БАНК» АҚ
6. «ДАНАБАНК» АҚ
7. «БАНК ПОЗИТИВ ҚАЗАҚСТАН (БАНК АПОАЛИМ Б.М. БАНКІНІҢ ЕНШІЛЕС БАНКІ)» АҚ
8. АҚ ЕНШІЛЕС БАНКІ «RBS (KAZAKHSTAN)»
9. АҚ ЕНШІЛЕС БАНКІ «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ»
10. «ПАКИСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ» АҚ ЕНШІЛЕС БАНКІ
11. «ТАИБ ҚАЗАҚ БАНКІ» АҚ ЕНШІЛЕС БАНКІ
12. «АЛЬФА-БАНК» ЕНШІЛЕС БАНКІ» АҚ
13. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ
14. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ
15. «ЗАМАН-БАНК» АҚ
16. «DELTA BANK» АҚ
17. «ЕНШІЛЕС БАНК «ҚАЗАҚСТАН-ЗИРААТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
18. «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНК» АҚ
19. «КАЗИНВЕСТБАНК» АҚ
20. «КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ
21. «KASPI BANK» АҚ
22. «МАСТЕРБАНК» АҚ
23. «МЕТРОКОМБАНК» АҚ
24. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ
25. «НҰРБАНК» АҚ
26. «СЕНІМ-БАНК» АҚ
27. «СИТИБАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
28. «БІРЛЕСКЕН БАНК «ЛАРИБА-БАНК» АҚ
29. «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ САУДА-ӨНЕРКӘСІП БАНКІ» АҚ
30. «ХОУМ КРЕДИТ БАНК» АҚ
31. «ЦЕСНАБАНК» АҚ
32. «ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
33. «ЭКСПРЕСС БАНК» АҚ
34. АҚ ЕНШІЛЕС БАНКІ «НСВС БАНК ҚАЗАҚСТАН»
35. АҚ ЕНШІЛЕС БАНКІ «РЕСЕЙ ЖИНАҚ БАНКІ»
36. «БТА БАНКІ» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ - «ТЕМІРБАНК» АҚ

<sup>1</sup> «Эксимбанк Қазақстан» АҚ –ның депозиттер қабылдауға, жеке тұлғалардың банктік есепшоттарын ашуға және жүргізуге лицензиясы жоқ





# Өтеу резерві

Қор қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда кепілдік берілген өтемді төлеу үшін арнайы резерв жасайды. Бұл резерв заңнамаға сәйкес мыналардың есебінен құралады:


- қатысушы банктердің жарналарынан;
- қатысушы банктердің қосылу шарты бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе ойдағыдай орындамағаны үшін тұрақсыздық айыппұлынан;
- мәжбүрлеп таратылған банктің Қордың төленген кепілдік берілген өтем сомалары бойынша талаптарын қанағаттандыруы тәртібімен алынған ақшадан;
- Қордың активтерін орналастырудан түскен инвестициялық кірістен;
- сондай-ақ Акционердің шешімі бойынша жарғылық капиталдың 50 пайызынан.

Кепілдік берілген өтем мөлшерінің 5 млн. теңгеге дейін өсірілуіне байланысты Қордың жарғылық капиталы 100 млрд. теңгеге дейін көтерілді. Бұл шара Қордың қаржылық позициясы мен өз қызметтерін атқаруға әзірлік деңгейін нығайта түсті.

Қор өз қызметін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеуге бағытталған арнайы резервті тарату комиссиясының және кредиторлар комитетінің жұмысына тарату комиссиясы Қор төлеген (төлейтін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша оның алдындағы берешегін өтегенге дейін қатысу арқылы іске асырады.

Бүгінгі таңда «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ-ның тарату комиссиясы Қордың талаптарын 82%-ға, «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның тарату комиссиясы 16%-ға қанағаттандырды.

**Кепілдік берілген өтем төлейтін резерв (Жарғылық капиталдың 50%-ын ескергенде) // млрд. теңге**



# «БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесі

Қор жасаған және 2007 жылдан бастап енгізген «БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесіне сәйкес қатысушы банктер тоқсан сайын депозиттерге кепілдік беру жүйесі үшін беріп отыратын қаржылық тұрақтылық пен тәуекел деңгейіне қарай сараланған міндетті күнтізбелік жарналарды жүзеге асырады.

«БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесі сандық және сапалық индикаторлар негізінде қатысушы банктердің қаржылық жағдайы мен тәуекелділік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Осы көрсеткіштердің мәнін есептеу нәтижелері бойынша қатысушы банктердің тұтастырылған рейтингі (жалпы жинақтау балы) және олардың жіктелу тобы белгіленеді. Сараланған

мөлшерлемелер жүйесінде бес жіктелу тобы бар, олардың ішіндегі таңдаулысы – А тобы, нашары – Е тобы болып табылады. Әрбір жіктеу тобына өзінің күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі сәйкес келеді. Қатысушы банктің қаржылық тұрақтылығы мен тәуекел деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі солғұрлым жоғары болады.

2008 жылдың наурыз айында қаржылық дағдарыс жағдайында банк жүйесінің өтімділігін қолдау үшін күнтізбелік жарналар мөлшерлемесін барлық жіктеу топтары бойынша Қор 25%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

## «БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесінің жіктеу топтарына бөлгендегі қатысушы банктердің 2008 жылдың тоқсандары бойынша саны

Жіктеу топтары	Күнтізбелік жарна мөлшерлемесі	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
A	0,04%	2	1	1	2
B	0,08%	0	1	1	0
C	0,11%	15	17	13	16
D	0,19%	13	12	17	15
E	0,38%	3	3	3	3
<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>		<b>33</b>	<b>34</b>	<b>35</b>	<b>36</b>



# Кепілдік берілген өтемді төлеу

Ағымдағы жылы Қор 2005 және 2007 жылдары мәжбүрлеп таратылған «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ-ның және «Валют-Транзит Банкі» АҚ-ның салымшыларына кепілдік берілген өтем төлеуді жалғастырды.

Кепілдік берілген өтем төлеуді сұраған әрбір салымшы Қордан соттың банкті мәжбүрлеп таратқаны туралы шешімі қабылданған күнгі салымы бойынша қалдыққа тең соманы алды. Бір салымшыға кепілдік берілген өтемнің ең көп мөлшері - 400 мың теңге.

2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ-ның 4 мыңға жуық салымшысына 680 млн. теңге (немесе кепілдік берілуге тиісті депозиттердің жалпы сомасының 88% -ын) және «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның 63 мыңнан астам салымшысына 13,8 млрд. теңге (өтемнің жоспарлы сомасының 97,8%-ын) төледі.

Қазіргі кезде 2008 жылы қазан айында қабылданған «Қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бір салымшыға төленетін кепілдік берілген өтем сомасының мөлшері бес миллион теңгеге дейін көбейтілді.

Қор мәжбүрлеп таратылған банк салымшыларына кепілдік берілген өтем төлеу механизмін жетілдіруге күш-жігер жұмсауда. 2007-2008 жылдары қатысушы банктер үшін салымшыларды автоматтандырылған есептеу және салымшылар бойынша деректер базаларын жасау, қатысушы банктердің салымшылар бойынша беретін мәліметтерін стандарттау жөніндегі талаптары белгіленді.

# Жұртшылықты хабардар ету

2004-2007 жылдары Қор жыл сайынғы екі «Шұғыл байланыс» акцияларын өткізді, акция кезінде Қазақстан тұрғындары арнайы номерге қоңырау шалып, Қор мамандарынан кеңес алып отырды, және де қалааралық қоңырауларға ақы төлеген жоқ. 2008 жылдың қыркүйек айынан бастап «Шұғыл байланыс» тұрақты негізде жұмыс істеп келеді. **8 800 080 10 20** телефон номерін теріп, өзіңізді толғандырған сұрағыңызды қойсаңыз, депозиттерге кепілдік беру жөнінде толық ақпарат алатын боласыз.

Түсіп жатқан қоңырауларға жасалған талдау соңғы жылдары депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы халықтың білу деңгейі Қор бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүргізген ақпараттық-түсіндіру жұмысының арқасында өсіп отырғанын көрсетті.

Қор тұрақты негізде республикалық және өңірлік газеттерде халыққа депозиттерге кепілдік беру механизмін түсіндіретін мақалалар мен сұхбаттарды, қатысушы банктердің тізбесін және басқа ақпараттық-жаңалық хабарларды жариялап отырады.

Халықты телеарна мен радио арқылы хабардар етіп отыру жұмысы қызу жүргізілуде: Қордың қызметкерлері

тікелей эфирлерге және жаңалық сюжеттеріне қатысып отырады; кепілдік берілген өтем төлеу туралы салымшылар телеарналар мен радиостанцияларынан Қор беріп отыратын аудио- және бейне роликтер арқылы білуіне болады.

Интернет байланысына кіріп, Қордың [www.kdif.kz](http://www.kdif.kz) сайтынан депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызметін реттеп отыратын заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілермен танысуына болады, Қордың қызметі жөнінде жиі қойылатын сұрақтарға жауап алуына, сондай-ақ басқа да қажетті ақпарат алуларына болады.

Есепті жылдың қараша және желтоқсан айларында Қордың өкілдері Халықаралық Бизнес Академиясының студенттері мен «Алматы қаласының Аймақтық Қаржы Орталығы Академиясы» АҚ оқытушылары үшін лекциялар өткізді.

Қор қатысушы банктердің салымшылары арасына тарату үшін жиі қойылатын сұрақтардың жауабы жазылған «Депозиттерге кепілдік беру жайында не білу керек?» деген арнайы кітапшалар дайындады.

КАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

САЛЫМШЫҒА ЖАДНАМА

**ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖАЙЫНДА НЕ БІЛУ КЕРЕК?**

тел. (727) 2721122, 2720549  
факс: (727) 2720551

[www.kdif.kz](http://www.kdif.kz)  
[root@kdif.kz](mailto:root@kdif.kz)

КАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

2008 жылдың 1-ші қыркүйегінен бастап

**ШҰҒЫЛ БАЙЛАНЫС**  
мына телефон нөміріне хабарласыңыз

**8 800 080 1020**

Біздің мамандар сұрақтарыңызға жауап береді.  
